

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының шешімімен
(2020 жылдың 23 қарашасындағы
№ 154 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2020 жылдың 30 қарашасыннан бастап
қолданысқа енгізілді

Мәмілелер жасасу мақсатында сауда-клирингтік шоттарды пайдалану **ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Өзірлеуші: Сауда-саттық департаменті

Алматы қ.

2020

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2021 жылдың 23 маусымындағы № 61 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2021 жылдың 01 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілген.

2. № 2 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2023 жылдың 19 сәуірдегі № 35 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2023 жылдың 20 сәуірден бастап қолданысқа енгізілген.

Осы Ережелер "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді және Биржа өткізетін сауда-саттықта мәмілелер жасасу мақсатында сауда-клирингілік шоттарды пайдалану шарттарын анықтайды.

1 бап. Негізгі ұғымдар мен шартты белгілер

1. Осы Ережелердің мақсаттары үшін:
 - 1) сауда-клирингілік шот деп сауда-саттық шотының жиынтығын білдіретін және осындай сауда-саттық шотын пайдалана отырып жүзеге асырылған мәмілелерді және/немесе операцияларды орындауды, есепке алуды және бақылауды қамтамасыз ететін клирингілік шоттың нөмірі бойынша онымен сәйкес келетін Биржаның сауда-саттық/сауда-клирингілік жүйесіндегі шот түсініледі;
 - 2) сауда-саттыққа қатысушының клиенті деп сауда-саттыққа қатысушының тапсырмасы бойынша, осы тұлғаның есебінен және мүддесінде мәмілелер жасасу мақсатында сауда-саттыққа қатысушымен келісім-шарттық қатынастарға түскен жеке немесе заңды тұлға түсініледі;
 - 3) клиенттің коды деп Биржаның "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелеріне және олардың шоттарына, сауда-саттық жүйелерін пайдаланушыларға, бағалы қағаздар эмитенттеріне және қаржы құралдарына кодтар беру тәртібі туралы нұсқаулық" атты ішкі құжатына сәйкес сауда-саттыққа қатысушының клиентіне берілетін әріптік-цифрлық код түсініледі.
2. Осы Ережелерде пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен шартты белгілер Қазақстан Республикасының заңнамасында, "Биржалық қызметті жүзеге асыру ережелері" атты ішкі құжатында және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында анықталған ұғымдарға ұқсас.

2 бап. Жалпы қағидалар

1. Сауда-саттыққа қатысушыларға мәмілелер жасасу мақсатында Биржаның "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелеріне және олардың шоттарына кодтар беру тәртібі туралы нұсқаулық" атты ішкі құжатында белгіленген тәртіппен сауда-саттық жүйелерін пайдаланушыларға, бағалы қағаздар эмитенттеріне және қаржы құралдарына сауда-клирингілік шоттар ашылады.
2. Қор нарығында және деривативтер нарығында мәмілелер сауда-саттыққа қатысушылардың мынадай сауда-клирингілік шоттарын пайдалана отырып жасалуы мүмкін:
 - 1) меншікті сауда-клирингілік шот;
 - 2) клиенттік сауда-клирингілік шот.
3. Валюта нарығында мәмілелер сауда-саттыққа қатысушылардың мынадай сауда-клирингілік шоттарын пайдалана отырып жасалуы мүмкін:
 - 1) меншікті сауда-клирингілік шот;
 - 2) клиенттік агрегатталған сауда-клирингілік шот.
4. Деривативтер нарығында мәмілелер сауда-саттыққа қатысушылардың келесі сауда-клирингілік шоттарын пайдалана отырып жасалуы мүмкін:
 - 1) меншікті сауда-клирингілік шот;
 - 2) клиенттік сауда-клирингілік шот.

3 бап. Кросс-мәмілелер жасасу

1. Сауда/сауда-клирингілік жүйесінің баптауларымен осы Ережелердің 2 бабының 2 және 3 тармақтарында белгіленген сауда-саттыққа

қатысушылардың сауда-клирингілік шоттарын пайдалана отырып, кросс-мәмілелер жасасуға тыйым салынады.

2. Кросс-мәмілелерге мынадай мәмілелер жатады:
 - 1) қарама-қарсы бағыттағы өтінімдердің кез келгенінің параметрлерінде клиенттің коды көрсетілмеген және сол меншікті, клиенттік немесе клиенттік агрегатталған сауда-клирингілік шот пайдаланылады;
 - 2) қарама-қарсы өтінімдерде мәміле жасалатын клиенттердің кодтары көрсетілген және бұл кодтар сәйкес келеді (бір клиентке тіркелген).
3. Жайғасымдарды агрегацияланған есепке алу үшін клиенттік шот бойынша қор нарығында берілген өтінімде клиенттің коды көрсетілуі тиіс (*осы тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілген*).
4. Валюта нарығындағы кросс-мәмілелерге мынадай мәмілелер жатады:
 - 1) қарама-қарсы бағыттағы өтінімдердің кез келгенінің параметрлерінде клиенттің коды көрсетілмеген және сол меншікті, клиенттік немесе клиенттік жиынтық сауда-клирингілік шот пайдаланылады;
 - 2) қарама-қарсы бағыттағы өтінімдерде мәміле жасалатын клиенттердің кодтары көрсетілген және бұл кодтар сәйкес келеді (бір клиентке тіркелген).
5. Клиенттік агрегатталған сауда-клирингілік шотты пайдалана отырып, валюта нарығында берілген өтінімде клиенттің коды көрсетілуі мүмкін, оның есебінен және мүддесінде осындай өтінім беріледі.
6. Туынды құралдар нарығындағы кросс-мәмілелерге мыналар жатады:
 - 1) қарама-қарсы бағыттағы өтінімдердің параметрлері бірдей меншікті немесе клиенттік сауда-клирингілік шотты пайдаланады;
 - 2) қарама-қарсы бағыттағы өтінімдерде әртүрлі сауда-клирингілік шоттар пайдаланылады, мұндай шоттардың деректемелері¹ сәйкес келеді.

4 бап. Клиенттерді валюта нарығында тіркеу тәртібі

1. Клиенттерді валюта нарығында тіркеу тәртібі осы Ереженің 3 бабының 3 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, валюта нарығының сауда-саттығына қатысушы өзінің клиентін биржаға осы Ережеге қосымшаның нысаны бойынша ресімделген сауда-саттыққа қатысушының клиентін тіркеу туралы өтініш жіберу арқылы тіркейді.
2. Клиентті тіркеу туралы өтінішті алған кезде Биржа осындай өтінішті алғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей клиентті өзінің ақпараттық жүйелерінде тіркейді.
3. Қажет болған жағдайда сауда-саттыққа қатысушы Биржаға клиенттің кодын және осы клиентті Биржаның ақпараттық жүйелерінен алып тастау қажет болатын күнді көрсете отырып, еркін нысанда өтініш жіберу арқылы өз клиентінің тіркелуін жоюға құқылы.
4. Клиентті тіркеудің күшін жою оның атына бұрын ашылған позициялар толық жабылған жағдайда ғана жүзеге асырылады.
5. Сауда-саттыққа қатысушы өтініште берілген деректердің дұрыстығы үшін толық жауап береді және Биржада тіркелген клиенттердің есебін дербес жүргізеді.

¹ Сауда-клирингілік шоттың деректемелерін сауда-саттыққа қатысушы Биржаның "Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері" атты ішкі құжатында белгіленген осындай шотты ашуға арналған тиісті өтініште көрсетеді.

5 бап. Қор нарығында клиенттерді тіркеу және жою тәртібі

1. Клиенттердің кодтары бойынша ақпарат орталық депозитарийден клиентке осындай код берілген күні сауда-клирингілік жүйеге келіп түседі.
2. После получения от Центрального депозитария информации об удалении кода клиента Биржа исключает его из торгово-клиринговой системы. При этом член Биржи самостоятельно несет ответственность за наличие обязательств, зарегистрированных по такому коду клиента.

6 бап. Тұжырымды қағидалар

1. Осы Ережелерге өзгертулерді және/немесе толықтыруларды (өзектілендіру) уақтылы енгізу үшін жауапкершілік сауда-саттық бөлімшесіне жүктеледі.
2. Осы Ережелер қажеттілігіне қарай, бірақ осы Ережелер қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін әрбір үш жылда кемінде бір рет өзектілендіруге жатады.

Басқарма Төрайымы

А.Ө. Алдамберген

Мәмілелер жасасу
мақсатында сауда-клирингілік
шоттарды пайдалану
ережелеріне

ҚОСЫМША

**Клиентті тіркеу туралы
ӨТІНІШ²**

Осы өтінішпен "Қазақстан қор биржасы" АҚ ASTS+ (валюта нарығы) сауда-клирингілік жүйесінде [Биржа мүшесінің "валюта" санатындағы толық атауы] клиентін келесі деректемелермен тіркеуді сұраймыз:

№	Реквизиты	
1.	Биржа мүшесінің коды ³	
2.	Клиенттің коды	
2-1.	SMA-клиенттің қысқа коды ⁴	
<i>(Осы жол Биржа Басқармасының 2023 жылдың 19 сәуірдегі шешімімен енгізілген)</i>		
3.	Клиент тұрпаты	Кредиттік ұйым <input type="checkbox"/> Зейнетақы қоры <input type="checkbox"/> Инвестициялық қор <input type="checkbox"/> Брокер <input type="checkbox"/> Сақтандыру ұйымы <input type="checkbox"/> Өзге заңды тұлға <input type="checkbox"/> Жеке тұлға <input type="checkbox"/> Заңды тұлға – бейрезидент <input type="checkbox"/> Жеке тұлға – бейрезидент <input type="checkbox"/>
4.	Ел коды ⁵	

[Бірінші жетекшінің лауазымы]

[қолы]

[Инициалдары, тегі]

² Өтініш Биржа мүшесі ұйымының фирмалық бланкісінде ресімделуі тиіс.

³ Биржа мүшелігіне қабылдау кезінде белгіленген код көрсетіледі.

⁴ Егер клиент кодын кез келген SMA-клиентке қатысты орнату қажет болса, осы SMA-клиенттің қысқа коды көрсетіледі. Әйтпесе, жол толтырылмайды *(осы сілтеменің нөмірленуі Биржа Басқармасының 2023 жылдың 19 сәуірдегі шешімімен енгізілген)*.

⁵ Клиент соның резиденті болып табылатын елдің ISO 3166-1 халықаралық стандартына сәйкес цифрлық коды көрсетіледі *(осы сілтеменің нөмірленуі Биржа Басқармасының 2023 жылдың 19 сәуірдегі шешімімен өзгертілген)*.